

№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай-балабақшасы ҚММ-і
меңгерушісі



Э.Нурмағанбетова

**Вариативтік компонент
«Сиқырлы әлем»**

«Күншуақ» ересек тобы

2024 – 2025 оқу жылы

Түсінік хат

Болашақ жеткіншектеріміздің көзі ашық көкірегі ояу, тілге шешен, өзін де өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерін кейіпкер ретінде қатынастырып отырудың маңызы орасан зор.

«Сықырлы әлем» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларға арналып, ойын әдістері арқылы бала тілін дамытып, іс-қимыл әрекеттерін жетілдіріп, теориялық және практикалық жағы ескеріліп отырып құрылған. Балалардың өзара қарым-қатынасын табуға, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеуге, фантазиялық ойлау қабілеттерін, өнерге қызығушылығын, ертегі кейіпкерлерінің қимылын салуға, нақышын келтіріп сөйлеуін, театр ойындарына белсенді араласып ойнауын дамытуға бағытталған. Барлық бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірте-бірте күрделеніп сахналай білу машықтарын дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

Балалардың көркем-өнер шеберліктерін жан-жақты дамыту, әртістік қабілеттерін қалыптастыру. Баланың жанына жақын тақырыптар мен таныс ертегі кейіпкерлері бейнесін сомдайтын ертегілер көрсетуге қатынастыру. Ертегі кейіпкерлерін салыстыра отырып айнала қарым-қатынас туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық жеткізуге үйрету. Үлкендер мен басқа балалармен жақындасу ниетін қолдау. Құрдастарына ешқандай қиянат жасамай, бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның тапсырмаларын орындауда балалардың сөздік қоры молайып, көркем-өнер әрекетімен әртістік өнері қалыптасады. Театрлық ойындар балаларды бір-бірімен жақындастырады, жалпы әртістік дамуына әсер етеді. Рөлдерді орындауда икемді болуға баулу, ойынды ортақ мүддеге сай дамыта білу және өзінің жеке тілектестігін көрсету. Сахналанған және мерекелік-шеру, атрибуттарды қолдануға үйретуге, ойындарды ұйымдастыруға ықпалы зор.

Бағдарламаның міндеті:

- балаларды театр өнерінің қызықты сәттерімен таныстыру;
- өзара еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- көңіл-күй сезімімен, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен театр көріністерін ұштастыру.

Күтілетін нәтиже:

Бала бойында мейірімділік, адамгершілік, қайырымдылық басқа да игі қасиеттер қалыптасады. Ертегі, әңгімелер, өлеңдер тыңдап, кейіпкерлерге мінездеме беруді үйренеді. Бірлесіп ойнау арқылы жолдастық қарым-қатынас орнайды. Бала бойында өзіне деген сенім орнап, өнерге деген оң көзқарас қалыптасады.

«Сықырлы әлем» бағдарламасы ересектер топтарына арналған, 36 сағатқа есептелініп құрастырылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті әр топта аптасына бір рет өткізіледі, ұзақтығы ересек топта 20-25 минут.

Вариативтік компонент бағдарламасының «Күншуақ» ересек тобына арналған перспективтік жоспары.

№	Тақырыбы	Мақсат – міндеттері.	Сағат саны Күні
1	Ата - баба дәстүрі амандықтың белгісі	Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың бойына ата – мұра құндылықтарын кастерлеуге салт – дәстүрді біліп – үйренуге тәрбиелеу.	1 04.09.24
2	Театр бұрышымен таныстыру.	Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр түрлерімен таныстыру. Театр қуыршақтары туралы балалардың түсініктерін тереңдету.	1 11.09.
3	Театр	Өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету, балалар арасындағы жағымды қатынастарын қалыптастыру. Балаларды мәдени мекеме мен олардың әлеуметтік маңыздылығы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың театр, театр тобы, театр қызметкерлері туралы білімдерін бекіту, театрдағы ұжымдық жұмыс түрлерін көрсету, мәнерлеп сөйлеуін дамыту.	1 18.09
4	Театр киім дүкені	Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Үш-төрт сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.. Қоғамдық жерлерде жүріс тұрыстарын бекіту, сөз сөйлеу этикет дағдыларын қалыптастыру.	1 25.09
5	«Көкөністер дауы» М. Нүктенова (Сахналау)	Ертегінің мазмұнын түсіне білу, тілдік, дыбыстық мәдениетін жетілдіру. Әр түрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу. Тапқырлыққа тәрбиелеу.	2 02.10 09.10
6	Құтқару қызметі	Құтқару қызметі жұмысының гуманистік бағыттылығы, оның қажеттілігі, төтенше жағдайларда олардың жылдам әрекет ететіні туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Балалардың тілін дамыту.	1 16.10
7	Құтқару қызметі Актив студия ойыны	Актив студия арқылы ролдерді, АКТ ны қолдануды үйрету. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай жасау және ынталандыру, ойын желісіне сәйкес шағын топтарға бөліне білуді және белгілі бір ойын әрекеті аяқталғанда тұтас ұжымға біріге білуді қалыптастыру.	1 23.10
8	Қыршақты шомылдырып ұйықтатамыз. АКТ ойындары	Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	2 30.10 06.11
9	Бауырсақтың саяхаты.	Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын арттырып, ойын әдісі арқылы мемлекеттік тілді үйрете білу. Балаларды жабайы аңдармен таныстырып, олардың мінездері туралы сипаттай білу. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кез келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу	2 13.10 20.10
10	Ертегілер еліндегі шалқан.	Балаларға ертегілер туралы көркем мағлұмат бере отырып диалогты сөйлеуін, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. Әртүрлі тапсырмалар орындату, жұмбақ жасыру, бейне тақта арқылы ертегі желісі туралы білімдерін бекіту. Ақыл-ой, ес, зейін қабілеттерін, диалогты сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын дамыту. Адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, ұйымшылдыққа	2 27.10 04.12

		тәрбиелеу.	
11	«Кім күшті?» (Үстел – үсті театры)	Ертегіні қызығушылықпен және мұқият тыңдауға үйрету. Сөйлеу белсенділігін арттыру, сахналауға үйрету. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға сніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету.	2 11.12- 18.12
12	Ормандағы аңдар	Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Олардың үрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету. Аңдарды сипаттауға жаттықтыру, такпактар арқылы тілдерін дамыту. Сөздік қорларын байыту, мұғалімді тыңдай отырып, өздігінен байланыстыра сөйлем құрауға жетелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	1 25.12
13	В. Сутеевтің "Бір қап алма" ертегісі Понтомимо театрын экранның тамашалау. Сахналау	Ертегілер арқылы балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауды үйретуді жалғастыру. Балаларды театралды-ойын әрекетіне тұрақты қызығушығын, басқа балалар алдында қойылым көрсету ынтасын тәрбиелеу. Бала ыммен мәтінде суреттелген түрлі эмоциялы күйлерді бейнелей білуге үйрету.	2 08.01.25 15.01
14	Құстар біздің досымыз	Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.	1 22.01
15	«Жақсылық пен жамандық» (Конус театры)	Жақсы мен жаман әдет қылықтарды ажыратуды, адамгершілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойларын айтуға дағдыландыру.	2 29.01 05.02
16	Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер» Маска театры	Ертегідегі әрекеттердің дамуын бақылауға, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Театр өнерінің әдіс-тәсілдерін үйрету.	2 12.02 19.02
17	Теңізшілер. Балықшылар.	Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.	2 26.02 05.03
18	Наурыз мерекесі.	Ойында ұлттық мерекелермен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету. Өз бетінше рөлдерді сәйкес бөлу олармен бірге іс-әрекетті, диалогты рөлдік моделдеуге қоғамдық өмірде ойын түрін айқындап үйретуді жалғастыру. Өзі тұратын еліне құрмет, мақтанышпен қарауға тәрбиелеу.	1 12.03. 2025
19	Ғарыш	Ғарыш саласында жүргізілген зерттеулер туралы, зерттеушілердің еңбегінің өзіндік жағдайлары туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойдағ8 жағдаятты елестету, түсіну және сол жағдаятқа сәйкес әрекет ету. Ойын диалогын модельдеуге, түрлі құрастырғыштарды, құрылыс материалдарын, ауыстырғыш заттарды қолдануға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту.	2 19.03 26.03
20	«Құмырсқаның қанағаты» (Саусақ театры)	Кейіпкердің іс-әрекетін бақылап, өз ойларын жеткізе алуға дағдыландыру. Саусақ театрының техникасымен таныстыру, мүсіндерді мәтінге сәйкес бұзбай қозғалта білу.	2 02.04 09.04

21	Дизайнерлік студия	Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. Өздігінен ойын желісін құра білуді, тақырыбын келісе білуді дамыту. Тапсырманы орындау сапасын бағалауға, көпшілік алдында өз пікірін білдіруге үйрету; қоршаған өмір туралы білімдерін бекіту, дизайнерлік студия қызметкерлерімен таныстыруды жалғастыру.	2 16.04 26.04
22	«Орман дәрігері» (Сахналау)	Табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға сәніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету.	2 30.04 14.05
23	Ертегі әлеміне саяхат	Өтілген тақырыптар бойынша білімдерін тиянақтау. Жабайы аңдардың, тағамдардың, үй жануарларының атауларын дұрыс айтуын бекіту. Тіл мәдениетін жетілдіру, балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Бір-бірін сыйлауды, достарына көмектесуді, айтқандарын тындауды тәрбиелеу.	1 21.05
Барлығы: 36 сағат			